

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 253 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 39-құжат):

8 - б а п т а :

к) тармақшасында "есепке алу" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы к-1) және к-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"к-1) барлық қаржылық ұйымдар орындауға міндетті бухгалтерлік есеп және осы қаржылық ұйымдар жасайтын операцияларды автоматтандырудың жүйелері мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарын және бухгалтерлік есеп стандарттарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

к-2) қаржылық ұйымдардың жасайтын операцияларды автоматтандыру жүйелеріне

қойылатын талаптарды осы қаржылық ұйымдардың сақтауын, оның ішінде уәкілетті органның қызметкерлерін тарта отырып тексеру жолымен бақылауды жүзеге асырады;" ;

л-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"л-2) уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарға сай келетін тізбені, нысандарын, қаржылық ұйымдардың, сондай-ақ олардың аффилиирленген тұлғаларының табыс ету мерзімдерін және тәртібін белгілейді;"

2. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 139-құжат):

1) 5 4 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шоғырландырылған негізде есеп беруді қоса алғандағы қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарға сай келетін тізбесі мен нысандарын, сондай-ақ табыс етілу мерзімдері мен тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қаржылық және статистикалық есептілікті қоспағанда, шоғырландырылған негізде есеп беруді қоса алғандағы есептіліктің тізбесін, нысандарын, табыс етілу мерзімдері мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

2) 5 5 - б а п т а :

"уәкілетті орган және (немесе) Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 12, 116-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат):

3 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қаржылық ұйымдарда бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеуді нормативтік құқықтық актілерді және оларға әдістемелік нұсқаулықтарды қабылдау жолымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ал Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайда қаржы рыногын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жүзеге асырады." ;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарын енгізу жөніндегі, ал қаржылық ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;" ;

6-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қаржылық ұйымдар үшін:".

4. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; 2003 ж., N 21-22, 160 - құжат) :

41-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен қаржы есебін және өзге есеп пен өз қызметі туралы өзге де ақпаратты жариялау, бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қорларына жарналар бойынша табысы жөнінде кепілдіктер немесе уәделер орын алатын ақпараттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен жариялануға тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға рұқсат етілмейді;".

5. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат):

1) 43-баптың 11) және 20) тармақшалары алынып тасталсын;

2) 74 - бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шоғырландырылған негізде қаржылық есепті қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің қаржы есебінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімі мен тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді." ;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қаржылық және статистикалық есепті қоспағанда, шоғырландырылған негізде есепті қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің есептің тізбесін, нысандарын, табыс етілу мерзімдері мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді." ;

3) 76-бапта "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк" деген сөздермен ауыстырылсын.

